

Жаркент гуманитарлық – техникалық колледжі

Даналық әлемінің психологиялық аспектілері

Қоңырбаева А.Е.

Іргебаева С.Ж.

Каримбаев Ғ.К.

Даналық әлемінің психологиялық аспектілері

Іс-шараның мақсаты: қазақ халқының дара да дана ақын-жазушыларының алтын мен аптап, күміспен қаптап жазған жырларын, ата-бабадан дарыған даналық сөздерін өскелең ұрпаққа насихаттау.

Ән айтылады.

Әлия 1-жүргізуші:

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Қазағымның даналық сөздеріне
Бүгінде ешнәрсе де тең келмейді.

Регина 2-жүргізуші:

Өлеңнен бұлақ ағызған,
Түрінен түр туғызған.
Ұлы халқың ардақтап
Тарихи белгі түр сақтап,
Мың сан жылға талайға,
Даналығың өлмейді,
Өлуге жол бермейді.



Сағи 3-жүргізуші: Пах, шіркін, екі бірдей хас сұлудың дәл бұлай тамсандыра жырлатуына нендей себеп болды екен?

Әлия 1-жүргізуші: Сағи, қарашы, аламан бәйгеде оза шауып, өлең жырда шашасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік талантты да дарынды тұлғаларымыздың шығармаларынан толассыз шабыт аласың.

Регина 2-жүргізуші: Алия, дұрыс айтасың, жыл керуені алға жылжыған сайын даналарымыздың дара әлемі толассыз жақұттан құралғандығына бас иесің.

Сағи 3-жүргізуші: Онда не тұрыс қыздар? Осындай өр рухты, кемеңгер тұлғалы халықтың бақытты ұрпағымен амандаспадық па?!

Екі қыз бірге: Өнер десе, жан тәнімен тыңдайтын, өлең десе, әуелете шырқайтын, ұстазы пейілді, шәкірті зейінді көрермен, армысыздар!

Сағи 3-жүргізуші:

Ассалаумағалейкум, алты алаштың өрендері,
Дәл бүгін жайма шуақ көңіл кенді,
Жан-жағымыз жайнап тұр, бәрі сәнді,
Сіздердей көрермен, бүгінгі кеш болмақ мәнді.

Бәрі бірге: Бүгінгі «Даналық әлемі» атты кешімізге қош келдіңіздер!



Әлия 1-жүргізуші:

Дауысын қандай сырлы еді,
Табиғатты тыңдатқан.
Көркін қандай нұрлы еді,
Таншолпанмен астасқан!

Сағи, қарашы қазақтың әрбір сөзінде үлкен мағына жатыр. Осы сөздермен үлкен әсер аламыз, және сөз бен әнді үйлестіріп жүрген дана халық бүгінде данышпан емес пе ендеше, сіздердің құрметтеріңізге «Ауылға сағыныш» әніне берейік!



Регина 2-жүргізуші: Сағи, бүгінгі кеш өзге кештерден өзгеше, «Қазақ сөз қадірі – өз қадірім» деп білген халық.

Сағи 3-жүргізуші: Иә, кеңдігін де, елдігін де кемеңгерлігі мен көсемдігін сөзге сыйғызған халық

Әлия 1-жүргізуші: Олай болса, осындай даралық сөзден маржан тізген прозалық шығармаға кезек бермедік пе?

Регина 2-жүргізуші: Иә, Сағи, дұрыс айтасың, ендеше, ортаға І.Жансүгіровтің «Кек» прозасынан үзінді



Сағи 3-жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй!

Әлия 1-жүргізуші: Не деген теңеу десеңізші!

Регина 2-жүргізуші: Олай болса, әдемі кешті әсем әнмен жалғасақ, қалай болады екен?!

Сағи 3-жүргізуші: Ендеше ортамызға әуелете ән шырқайтын Элизаның орындауында «Туған жер» әні

Әлия 1-жүргізуші:

Жүрегін шырақ етіп жандырған данам,
Жырымен жан сусынын қандырған дарам,
Өзіне-өзі орнатып ескерткішті,
Мұра қылып кейінге қалдырғандарым.

Регина 2-жүргізуші:

Даласындай дархан халық-ел,
Білгің келсе, бізге досым жақын кел.
Қазақ халқы – ежелден бергін жазушы,
Қазақ халқы – біргегейлі ақын ел!

Сағи 3-жүргізуші: Қалай ойлайсыңдар, осындай бір шабыттанып тұрмыз-ақ, шабытымызға шабыт қосатын, өлең жырдан бір тыңдасақ?

Регина 2-жүргізуші: Бұл ойың дұрыс –ақ екен. Ендеше, ортамыз құлақтың құрышын бір қандыратын көркем сөз шеберлерін шақырайық!

Сағи – М.Мақатаев «Табыт үні»



Өлеңді тіл бастайды, ән қостайды,

Екеуі тыңдағанға ой тастайды.

Әншілік арғы атамнан айтылғанда,

Жеке әнді сен бастағанда кім бастайды? Бағдагүл Тұрсынғалиқызының орындауында «Мен сиға тартқан орамал» әнімен

Замзагуль- М.Мақатаев «Қара өлең»

Диас-М.Мақатаев-«Шын ғашықпын»

Мереке-өз шығармашылғынан

Әлия 1-жүргізуші: Олай болатын болса, біз қыз баланың бойынан нені көргіміз келеді: нәзіктік пен сұлулықты, ұяндық пен инабаттылықты, сыпайылықты, әдемілік пен ұялшақтықты, өнерлік пен іскерлікті, шеберлік пен ақ ниеттілікті, ақкөңіл қасиеттерді.

Сағи 3-жүргізуші: Олай болса, Сая мен Зәмзәгүлдің орындауында «Қыз бала гүл» әні.



Әлия 1-жүргізуші: Қыздар, біздің ақындар қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларын қалың жұртшылыққа махаббатымен арнаған ғой!

Регина 2-жүргізуші: Иә, Әлия , сенімен қосыламын. Осындай қайталанбас тұлғалардың бүгінгі ұрпағы – біздер – Бақыттымыз!

Сағи 3-жүргізуші: Дұрыс – ақ екен. Олай болса, не тұрыс, мынадай киелі сахнада мың бұрала билейтін бишілермізге кезек берсек.

Регина 2-жүргізуші:

Күй шертіп, күмбір қаққан пернелері,

Ақын жырау аққан тілден термелері.

Өнерімен тәнті еткен жұртшылықты

Ақ бозатты қазағымның серілері!

Олжас пен Сәкен орындауында күй

Сағи 3-жүргізуші:

Даналарым, қандай ғажап халықсыздар?!

Халқы үшін шыңдай биік алыпсыздар!

Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,

Күндей боп күлімдеген жарықсыздар!

Регина 2-жүргізуші:

Арулар-аяулылар, ардақтылар,

Өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар.

Арулар-тіршілікке күре тамыр,

Өмірді бір-біріне жалғап тұрар деп, ортаға 16 қыз әнімен Мадиярды шақырайық!



Әлия- 1жүргізуші:

Қазақ қызы, сен ұлтыңның арысың,

Сәбиге-ана, сүйгеңіне-жарысың.

Ұлы елдің ұрпақтарын жалғаған,

Ұмай, Зере, Тоғжандардың қанысың дей отырып, ортаға колледж директоры
Баян Нүсіпбекқызынан әсем ән сұрағымыз келіп отыр.



Сағи 3-жүргізуші: Қымбатты қонақтар, бүгінгі кеште өр де өткір, нәзік те сыршыл сезімдеріңізді ортаға жайып салып, өздеріңіз де бір құмардан шыққандай болдыңыздар. Біз де, жыр сүйер қауым, осындай әдемі кеште әсем жыр тындап, көңіліміз көтеріліп қалды. Өмірге ғашық жандар олар мәңгі жас адамдар. Ендеше, жандарыңыз қартаймасын, жүректеріңіздегі өмірге деген ғашық оты сөнбесін. Уақыттарыңызды бөліп «Даналық әлемі» атты кешімізді өткізуге тірек болғандарыңыз үшін сіздерге алғысымыз шексіз. Келесі кездескенше сау болыңыздар!